

Қобда аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 395 "Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 20 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 21 сәуірде № 8268 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2023 жылғы 7 желтоқсандағы № 92 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 07.12.2023 № 92 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26 бабына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қобда аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 395 "Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7903 тіркелген, 2021 жылғы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген, Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

9 тармақта:

2) тармақшасында:

"3500 (үш мың бес жүз) теңге" сандары мен сөздері "5000 (бес мың) теңге" сандары мен сөздеріне ауыстырылсын;

13 тармақта:

1) тармақшасында:

төртінші абзацта:

"30 000 (отыз мың) теңге" сандары мен сөздері "50 000 (елу мың) теңге" сандары мен сөздеріне ауыстырылсын;

бесінші абзацта:

"50 000 (елу мың) теңге" сандары мен сөздері "100 000 (жүз мың) теңге" сандары мен сөздеріне ауыстырылсын;

3) тармақша келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының шегінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті алу үшін Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге және I, II, III топтағы мүгедектерге, 16 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге және оларды ертіп жүрген адамдарға, теміржол көлігінде (екі бағытта) жылына бір рет, бірақ купелі вагон билетінің құнынан аспайтын мөлшерде, жол жүру төлемдері үшін.

Әлеуметтік көмек, егер жоғарыда аталған тұлғалар толық мемлекет карауында болмаған жағдайда көрсетіледі".

2. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қобда аудандық
мәслихатының сессия төрағасы*

*Қобда аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б. Урумбасаров

Ж. Ергалиев